

3

«Ашықтық бірінші қағида болуы тиіс»



4

Қазалыда жоғары мамандандырылған ота жасалды





Сыр бойы

№183 (21059) 2 желтоқсан, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫҢБАСАРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Аида Ғалымқызы Балаева Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі лауазымына тағайындалды.

ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Никушор Данды Румынияның ұлттық мерекесі – Бірігу күнімен құттықтап, жеделхат жолдады.

Президент жеделхатында екі ел арасындағы саяси диалогтің, экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың аясы кеңейіп келе жатқаны атап өтіліп, сан қырлы ықпалдастық қос халықтың игілігі жолында нығая беретініне сенім білдірілген.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Никушор Дандының жауапты қызметіне толайым табыс, ал румын халқына құт-береке тіледі.



БІРЛІГІ БЕКЕМ СЫР ЕЛІ

Кеше облыс орталығындағы «Достық үйінде» Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған республикалық «Бірлігі бекем Сыр елі» атты форум өтті. Форумды облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет жүргізіп отырды.

Ассамблея жылдар бойы халқымыздың ырысты ынтымағын нығайтуға, қоғамдағы өзара тосынсіздік пен келісімді сақтауға өлшеусіз үлес қосып келеді. Осы ұйымның белсенді қызметі арқылы еліміздегі барлық этностың тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін үйлесімді дамытуға, сондай-ақ қазақ тілінің этносаралық қатынас тілі ретіндегі мәртебесін көтеруге жол ашылды.

– Ұйым мүшелері маңызды бастамалар көтеріп, елге қажетті жобаларды жүзеге асыруға ұйытқы болды. Бірлігі жарасқан Сыр өңірінде де бірқатар оң өзгерістер көрініс берді. Облыстың барлық ауданында неке кию залы, кітапхана, музей, мұрағат, жастар, ардагерлер мен аналар үйі біріктірілген «Руханият» орталықтары ел игілігіне айналды. Онда бірлік пен татулықтың символы ретінде елдің ынтымағын нығайтуға бағытталған маңызды

жобалар қолға алынып отыр. Орталықтағы «Қоғамдық келісім» кабинеттері түрлі этнос өкілдерінің мәдени-рухани бірегейлігін сақтауға мүмкіндік береді. Биыл Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Қызылорда қаласында құны 3 млрд 800 млн теңгені құрайтын жана «Достық үйі» бой көтерді. Бұл ғимарат жақын күндері ел игілігіне бағысталмақ, – деді облыс әкімінің орынбасары.

2-бет

/// ИГІЛІК

ЖОЛ – ЕЛДІҢ ТЫНЫСЫ, ТІРШІЛІКТІҢ ТАМЫРЫ

Ел қуанышы еселеніп, республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» жолының Сыр бойындағы бөлігі іске қосылды. Бұл күрежол біраз жылдан бері күрмеуі шешілмей келген, халық арасында көп талқыға салынған мәселелердің бірі еді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының құрылысын мерзімінде бастауды және сапалы әрі халыққа қолайлы жағдай жасауды тапсырып, соның нәтижесін халық болып көріп отырмыз.



80-жылдардың басында аталған жолға асфальт қабатын төсеу жобалары қолға алынуы керек еді. Бірақ іске аспады. Аса мән берілмеді. Кеңес заманында облыс басшысы Е.Әуелбеков, егемендіктің бастапқы уақытында С.Шаухаманов, Б.Сапарбаев сынды қайраткерлер бұл мәселені Үкімет назарына жиі ұсынғанын білеміз. Көлік тізгіндегендер мен жолаушылар жаздың аптабы мен қыстың қақаған аязында жолда қалу жағдайлары бұған дейін көп болды. Енді қиын күндер артта қалғандай.

Жалпы Мемлекет басшысының, Үкіметтің ерекше қолдауы және аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының іскерлігінің арқасында кейінгі үш жылда Қызылорда облысында 1600 шақырым автомобиль жолы мен көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Нәтижесінде бірқатар маңызды жоба жүзеге асырылып, елді мекендердің арасындағы қатынас жақсарып, көлік қозғалысының қауіпсіздігі артты.

2-бет

/// БРИФИНГ

ТҰТЫНУШЫЛАР 21 МЛН ТЕҢГЕ ҚАРЖЫСЫН ҚАЙТАРЫП АЛДЫ

Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне биыл 10 айда тұтынушы құқығы бұзылды деген негізбен 770 өтініш түсті. Бұл өткен жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштен 2,1 есе артық.

Департамент басшысы Ерқасым Сүлейменовтің сөзіне сүйенсек, арыз-шағымның 64,5%-ы бөлшек сауда, 7%-ы электронды сауда, 4,5%-ы қоғамдық тамақтану, ал 1,9%-ы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметі салаларына қатысты.

– Заңға сәйкес қарау қорытындысымен 392 өтініш қанағаттандырылды. 48 өтініш бойынша тұтынушыға құқықтарын түсіндірдік. 258 өтініш басқа мемлекеттік органдарға жолданса, өтініш иелері 67-сін қайтарып алды. Нәтижесінде тұтынушыларға барлығы 21 млн теңге көлеміндегі қаражатының қайтарылуына ықпал еттік. Өткен 10 ай ішінде 54 нарық субъектісіне тексеру жүргіздік, анықталған кемшіліктер бойынша 0,5 млн теңге көлемінде айыппұл салынды, – деді Ерқасым Сүлейменов.

Адамдардың көбі қазір онлайн сауда жасауға көшкенмен, есепті кезеңде өңірде небәрі 54 адам электронды сауда бойынша шағым түсірген. Олар

сатушылардың өздерін алдағанына, сапасыз тауар ұсынғанына, тауарды айырбастаудан немесе қайтарудан бас тартқанына реніш білдірген.

– Жұрттың көбі Kaspi, Ozon, Wildberries сияқты онлайн дүкендер арқылы сауда жасайды. Алайда облыстық департамент болғандықтан, шағым түскен жағдайда біз Қызылорда облысы аумағындағы сатушыларды ғана тексерсе аламыз. Сату нүктесі басқа жақта орналасқан болса, түскен арыз-шағымды 3 жұмыс күні ішінде сол облыстардағы департаменттерге жолдаймыз. Ozon, Wildberries дүкендерінің бас кеңсесі Ресейде, дегенмен, олардың өкілдерімен ортақ чатымыз бар, қандай да бір өтініш түссе, сонда жібереміз. Міндетті түрде жауап береді, ақшасын қайтарып берген жағдайлар болды, – деді департамент басшысы.

Ерқасым Сүлейменов өз тәжірибесіндегі шешімін талап ететін маңызды мәселе туралы айтып берді.



Фото ашық дереккөзден

– Қала тұрғыны көлік салонынан 11 млн теңгеге көлік сатып алған. Ол бір жарым жыл ішінде бірнеше рет бұзылған. Қанша рет жөндесе де қайта-қайта бұзылып, мазасы қашқан. Сосын сотқа жүгінуіне тура келіпті. Өзім үшінші тұлға, яғни мемлекеттік орган өкілі есебінде сот отырысына қатыстым. Сатып алған тауар сапасыз болса, сатушы оны ауыстырып немесе ақшасын қайтарып беруі керек. Сот шешімімен салон сатып алушыға көліктің толық сомасын қайтарып берді. Техникалық жағынан күрделі тауар деген ұғым бар. Автокөлік соған жатады. Ауыстырып немесе ақшасын қайтарып беру үшін оның елеулі кемшілігі болуы және соны дәлелдеп шығуы керек, – деді ол.

10 айда Сауда қызметін реттеу туралы заңнама талаптарының сақталуы бағытында облыстағы 176 кәсіпкерлік субъектісі тексерілді. Оның 120-сында заң бұзылған. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің талаптарына сәйкес 69 кәсіпкерге 1,3 млн теңге көлемінде айыппұл салынды.

Нәзерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

/// МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕСІ

ЕҢБЕК – ЕРДІҢ, ЕР – ЕЛДІҢ КӨРКІ



Отыз жыл бойы аймақтың тіршілігімен біте қайнасып, зейнет жасында да қоғам өмірінің бел ортасында жүрген Бекмырза Еламанов – Сыр еліне сыйлы есім.

Сонау 1974 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіріп келген жас маманды шаруашылықтардың түрлі жұмыстарына салып ширатып алған сол кездегі Елеу Қошербаев секілді сындарлы басшылар еді. Содан бері қызметте сатылап өскен Еламанов Қармақшы ауданы «Қуандария» кеңшарының директоры, «ІІІ Интернационал» ұжымшары басқармасының төрағасы, аудандық Кеңес төрағасының орынбасары, төрағасы, Қармақшы ауданының әкімі қызметінде болды.

Мұнан әрі «Шапағат» ЖШС директоры, облыс әкімінің орынбасары, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Жанақорған ауданының әкімі, облыстық мәсихат хатшысы қызметтерін атқарды.

2014-2020 жылдары ҚР Парламенті Сенатының депутаты болып сайланды.

Б.Еламановтың 1995 жылы Қармақшы ауданының әкімі болған кезінде еліміз кеңестік дәуірдегі жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көше бастаған. Шаруашылықтар шағырап, өндірістердің өркені үзіліп, іргелі ұжымдар ұсқалып жатты.

Жұмысшылардың, бюджеттік қызметкерлердің еңбекақылары мен қопбалалы аналардың жәрдемақылары алты айлап берілмеді. Айлық жалақы есеп айыру қағаздары, вексель арқылы төленді. Өңтімненің шыны керек, әкімдерге еліміз енді еңсе көтеріп келе жатыр, бұл күндер де өтеді, бәрі жақсы болады деп халықты жұбату ғана жұмыс болып тұрды.

Базарға барып бірдене сатып нопака қыламын деген адамдардан жағалап жүріп салық жинау ауыр еді. Солардың бөріне үгіт айтылды, осы салық арқылы бір қарттың зейнетақысы, бір баланың жәрдемақысы берілетінін түсіндіру үшін сабырлы сөз, пайымды парасат керек болатын.

Ел ағасы Еламанов сол жолдан өтті, аудан жұртшылығын еңбекке еңкейтіп, жылы қабақпен маркайтып алға бастырды. Сөз бен істі ұптастыра біліп, аудандағы бірнеше шаруашылықтың тұтастығын сақтап қалды.

Ат арқасында жүрген жанкешті еңбектің арқасында 1998 жылы Қармақшы ауданы барлық көрсеткіштерімен облыс бойынша бірінші орынды жеңіп алды.

2004 жылы Б.Еламанов облыс әкімінің орынбасары болды. Елдегі жағдайдың енді

түзеліп, жұрттың жан-жағын қымтай бастаған кезі, ол Шаруашылықтардың малы артта қалған қиын күндердің пышағына түскен. Азық-түлік, жанар-жағармай, тұқым, тынайқыш алу үшін бәртермен кеткен мыңдаған малың орын толтыру үшін облыс әкімі орынбасарының ұсынысымен Солтүстік Қазақстан облысынан жүздеген бас сиыр алдырылады. Соның нәтижесінде халықты сүт өнімдерімен асыраған Қазалыдағы атақты «РЗА» серіктестігінің жұмысы жанданды.

Сол кездері күріштің «Ақмаржан» сұрпы ауырып, өнімі ала-құла бола бастаған кез. Күріш егістігіне жаңа сұрыптар қосылып тұрмаса, ол ауырады, тозады, тасқа, құрмекке айналады. Бұған дейін шаруашылықтың шаңын кешкен Бекең мұны жақсы білетін. Сондықтан ол сол кездегі облыс басшысы Мұхтар Құл-Мұхаммедтің келісімін алып, бірнеше ғалым маманды ертіп, Краснодарға барды. Сол кезде өңірімізге вагондап әкелінген күріштің «Лидер», «Янтарь» аталатын сұрыптары бүгінде дастарқанымыздың дәмін келтіріп, шетелдерге де шығарылатын негізгі байлық көзіміздің біріне айналды.

Міне, осы көпшілік біле бермейтін ел еңсесін тіктеген еңбектің ауырын арқадаған азаматтардың бірі Бекмырза Еламанов болатын.

Мұнан кейін ҚР Парламентінде отырып, Экономика және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі комитетте, Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі комитетте жұмыс істеді. Шаруашылық пен шаруа адамдарының мәселелерін шешетін заңдар қабылдауға атсалысты. Жақында Қызылордадағы «Өнер орталығында» өткен «Тарихы терең, бірлігі бекем Сыр елі!» атты салтанатты іс-шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев еңбегімен елге сыйлы болған азаматтарды марапаттады.

Осы салтанатты сәтте Бекмырза Еламанов Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен, аймақ басшысының қолынан еліміздің ең жоғары марапатының бірі ІІІ дәрежелі «Барыс» орденін омырауға тақты.

Біз мұны жоғарыда айтып өткен көп жылғы еңбектің өтеуі, халық құрметі деп білеміз. «Еңбегіне қарай құрмет, жасына қарай ізет» дейді халқымыз. Бекен осының екеуіне де сай болмыс.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,

«Сыр бойы»

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың қатысуымен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті. Күн тәртібінде пробация есебіндегілердің қайта қылмысқа баруының алдын алу, бұрын сотты болған адамдарды қайта әлеуметтендіру және қоғамға бейімдеу, өсім алған қылмыстар бойынша атқарылған жұмыстар талқыланды.

– Интернет алаяқтық, топтық бұзақылық және түнгі көңіл көтеру орындарындағы құқықбұзушылықты азайтуда жедел профилактикалық шаралар қушейтілсін. Қаладағы көңіл көтеру орындарының жұмысын реттеу және ондағы тәртіпті бақылауды күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу керек. Мал ұрлығын болдырмау үшін бақташы қызметін ұйымдастыру және тұрғындарды түсіндіру өте маңызды. Алаяқтық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда да ақпараттық түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Жында облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаменті пробация қызметіне

басшылық жасау басқармасының бастығы Ғаламат Құлманов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жанабаев, облыстық полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Ердаулет Жаукеев баяндама жасады.

Сонымен бірге, нашақорлық профилактикасы және есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі облыстық ведомствоаралық штаб отырысы өтіп, нашақорлық пен есірткі қылмыстарының алдын алу мәселесі талқыланды.

Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған мерекелік медальдар өңірдегі белсенді Ассамблея мүшелеріне салтанатты түрде табысталды. Сонымен қатар, облыстағы этномәдени бірлестіктердің онкүндіктері өткізіліп, аудан орталықтарына «Достық» көш-кереуені жол тартты. Бұл шаралар мерейлі жылдың маңуының байытып, мәнін айышқтай түсті.

Форум соны елімізде тату-тәтті өмір сүріп жатқан түрлі этнос өкілдерінің концерттік бағдарламасына ұласты.

Әділжан ҰМБЕТ,

«Сыр бойы»



AMANAT

АУЫЛДЫ ТҮЛЕТУДІҢ ТЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Астанада Мемлекет басшысының қатысуымен ауыл әкімдерінің диалог-платформасы болды. Кеше «AMANAT» партиясының облыстық филиалында аталған іс-шараның негізгі міндеттері баспасөз конференциясы өтті.

Партияның облыстық филиал төрағасы Жандос Базартай диалог-платформаның мазмұны мен негізгі бағыттары, талқыланған мәселелер, қабылданған шешімдер туралы ақпарат берді.

– Бұл платформа – ауылдарды дамыту, ауыл әкімдері институтының жұмысын жетілдіру, ауылдық жерлердегі өмір сапасын арттыру, ауыл әкімдерінің өзара тәжірибе алмасуы, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы билік арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, ауылдық аумақтардың тұрақты

дамуына бағытталған бастамаларды жүйелі ілгерілетуге бағытталды. Іс-шараға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы қатысып, ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру, сондай-ақ еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты жұмыстың негізгі 5 бағытын атады және Үкіметтен бастап, ауыл әкімдеріне дейін осы бағыттарды жүзеге асыру жөнінде нақты тапсырмалар берді, – деді ол.

Филиал төрағасы сондай-ақ Президент атап өткен партияның «Әкімдер мектебі»

/// ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

«АШЫҚТЫҚ БІРІНШІ ҚАҒИДА БОЛУЫ ТИІС»

Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен ауыл әкімдерінің диалог-платформасы өтті. Онда ауылды өркендету, ауыл әкімдері институтын одан әрі жетілдіру міндеттері мен елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды мәселелері талқыланды. Басқосуға облыстан 124 делегат қатысса, оның 116-сы ауыл әкімі.

Елордаға барған делегаттың бірі, Қармақшы ауданы, Ақжар ауылдық округінің әкімі Нұржамал Бектайқызымен аз-кем әңгімелескен едік.

– **Нұржамал Бектайқызы, ауыл әкімдерінің диалог-платформасында Мемлекет басшысы бірқатар маңызды мәселеге тоқталды. Бүной басқосу кең көлемде алғаш рет өтін жатқанын да тілсе тиік етті. Өзіңіз кездесуден қандай ой түйдіңіз? Президент айтқан кейбір мәселелер сіздерде де бар ма?**

– Президентпен жүздесу кез келген мемлекеттік қызметкерге, соның ішінде ауыл әкімдеріне үлкен жауапкершілік және үлкен сын деп сезіндім. Мемлекет басшысы ауыл әкімдерінің жұмысына баға бере отырып, Үкіметке де біршама мәселелерді шешуді тапсырды. Осының өзі ауыл әкімдеріне қолдаудың бар екендігін білдіреді. Өріне, әріптестеріміз айтқан мәселелердің бар екендігін теріске шығармаймыз, бірақ өз ауылымыздың игілігі үшін, барлық шаруаларды қатар алып жүреміз. Панельдік отырыста сала мамандары мен мәжіліс депутаттарымен кездестік. Бұл біз үшін ұтымды болды. Мәселелерді тікелей жеткізуге мүмкіндік алдық.

– **Ауыл әкімдерін тікелей сайлау мемлекетті басқару ісін жаңғыртудың маңызды қадам болды. Дегенмен бұл жергілікті халық үшін қаншалықты тиімділігін көрсетеді?**

Сайлау өткізу – халыққа да, үміткерге де оңай емес. Дегенмен, сайлау арқылы, тұрғындар



өз таңдауын жасайды. Көпшілік дауыспен сайланған әкім де өз аманатын жіті сезіне білуі керек. Әкім сол жердің өзекті мәселелерін тұрғындармен бірлесе отырып шеше алса, онда сол аманаттың бір парасы орындалды деп ойлауға болады. Ашықтық бірінші қағида болуы тиіс.

– **Ауылдың жасдайын, оның алдағы белбұрысын сол аймақтан шыққан азамат қана жақсы біледі. Басқосуға сөйлеген әкімдер өздерінің функционалдық міндетіне кірмейтін қызметтерді қоса атқару жүктелгенін айтты. Әр өңірдің, ауылдың мәселесі әртүрлі дегенмен, ауыл әкімдеріне қойылатын міндет бір секілді... Қалай ойлайсыз?**

– Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасында «Биліктің осы деңгейі халыққа барынша жақын, негізінен оны халық қалыптастырады, оның бақылауында болады және халықтың негізгі өмірлік қажеттілігін қамтамасыз ету мәселесін шешеді. Жергілікті өзін-өзі басқару ұтымды құрылса, тек жергілікті ресурстардың жұмсалуды онтайланып қана

жобасы және әкімдердің өкілеттігімен қатар жауапкершілігін күшейту мәселесі бағытында партия тарапынан жасалып жатқан жұмыстарды атап өтті.

Баспасөз конференциясы барысында Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Шәріп Әбдірахманов, Н.Илиясов ауылдық округінің әкімі Сағдат Нұрмағанбетов Мемлекет басшысының төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру бағытында айтқан ұсынысын қолдап, өз округтерінде жүзеге асырылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде баяндады.

«СБ» ақпарат

қоймай, сонымен қатар халықтың билікке деген сенімі едәуір артады» деп көрсетілген, яғни ауыл әкімдері қаншалықты тұрғындарға жақын болса, соңшалықты сенімнің орнауын көрсетеді. Қазір ауылда жұрмыз, әлеуметтік желілерді былай қойғанда, ауылдағы қаттарда отырмыз. Кішкене бір мәселе туындаса, бірден сол қаттар арқылы да жауабын береміз. Бүгін ғана ауылға «техникалық заттарды Кәспи релпен сатамыз» деген азаматшалар келген екен, ауыл тұрғындарына алаяқтарға алданбауын ескерттік. Келген азаматшаларға да ескерте жасап, шығарып жібердік. Сондықтан ауыл әкімінің құзыретіне кірмейтін мәселе болмайды деп білемін. Құқықтық жағынан қатыссыз мәселелерді уәкелік инспекторлар құзыретіне тапсырамыз.

– **Қазір ауыл әкімдері бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы тұрғындардың мәселелерін қиындықсыз сараптай алады. Дегенмен Мемлекет басшысы кейбір әкімдердің бұл мәселеге ағтүсті қарайтынын сыңай алды. Сіз ауыл тұрғындарының мәселесін жақсы білесіз бе? Олармен қаншалықты жиі кездесесіз?**

– Ия, рас ауыл тұрғындарының мәселелерін 100 пайыз білемін деу, әсте әбестік болар. Бірақ тұрғындар үшін қажетті мәселелерді зерттеп жүремін. Ауыл бір отбасы деп қарайтын болсақ, оның түрлі мәселелері болатыны түсінікті. Бірақ бірінші кезекте, игілікті істерге көп мән беруге тура келеді. Ауыл болған сон, телі де, тентек те шығады. Оны «бөрік ішінде басып, үлкендердің алдында бетін бастырауға» тура келетінін жасыра алмаймыз. Тәрбиенің бір парасы да осы бір ауылдың ауызбірлігіне. «Ауыл – ұлттың ұясы» деп, осындай пәлсапаға сүйеніп айтатын болар.

Әңгімелескен,
Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ЖОЛ – ЕЛДІҢ ТЫНЫСЫ, ТІРШІЛІКТІҢ ТАМЫРЫ

Нақтырақ айтқанда, қаладағы басты көшелердің бірі саналатын «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылын 2 жолақтан 4 жолаққа дейін кеңейту жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, жуырда ғана Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін 4 жолақты жол құрылысы аяқталды. Сұлтан Бейбарыс көшесі, Назарбаев даңғылы қайта түледі.

Облыс орталығындағы Жаппасбай батыр көшесіндегі үлкен жолайрық қайта жаңғыртудан өтті. Қорқыт ата уезжайының жаңа терминалынан бастап, Президент саябағына дейінгі аралық 4 жолақты болып кеңейтілді. Жол бойындағы Сыздық, «Жаналария», «Шіркейші» каналдары үстіндегі 3 көпір қайта жаңғыртылды.

Ал биыл өңірде жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен барлығы 50 млрд 605 млн теңге бөлініп, ұзындығы 329 шақырымды құрайтын автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде. Осының арқасында өңірдегі жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетеді.

Жол – жай ғана инфрақұрылым емес. Жол – халықтың тынысы, өңірдің тамыры, елдіктің ең басты тректерінің бірі. Сапалы жол – қауіпсіздік, қолайлылық, уақыт үнемі және ең бастысы, халықтың тұрмыс сапасының артуы.

Жоғарыда айтылған «Қызылорда-Жезқазған» жолы – көпшіліктің ортақ еңбегі, билік пен мердігер ұйымдардың үйлесімді жұмысының нәтижесі. Ал бұл жол Ұлытау облысының орталығына дейін толық аяқталса, болашақта біздің өңір ғана емес, көршілес облыстардың да дамуына тың серпін берері анық. Сондай-ақ жолаушылар қозғалысын жеңілдетіп, кәсіпкерліктің өркендеуіне мүмкіндік туғызатынына сенім мол.

Өмірбек ШӘМЕНОВ,
Көлік министрлігінің
енбек ардагері,
Жаалағаш ауданының
күрметті азаматы,
«Құрмет» орденінің иегері,
облыстық ардагерлер кеңесі
төрағасының орынбасары

Ержан ҚОЖАС,

«Сыр бойы»

1-бет

1-бет

Осы 2025 жылдың бастапқы айы еді. Дәлме-дәл айтсам, қаңтардың 7-ші жаныса. Ертенгілік. Қар борады. Аязы жоқ, жып-жылы. Жылып ериді. Күліп ериді. Бір жаңалық күткендей-ау. Айт-қаңдай-ақ, облыс әкімі Н.Нәлібаев бастаған, облыстан Парламентке сайланған депутаттар түгел дерлік келе қалды.

Сөйтсек, ауданда алғашқы «Жайлы мектептің» құрылысы бітіп, соның ашылу салтанатына жиналған екен-біз. Аймақ басшысы құттықтау сөз сөйледі. Содан кейін бірсыпыра азаматтарды марапаттады. Екі-үш қария алғаннан кейін диктордың «Арал аудандық ауруханасы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, ауданның құрметті азаматы Жүсіпов Әмірхан марапатталды» деген дауысы саңк етті.

Орта бойлы, толықша келген, жауырынды, мығым денелі жігіт ағасы кең қадамдап облыс әкімінің алдына келді. Омырауына «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі тағылды. Сүретке түсті. Салтанатқа жиналған халық ұзақ қол соқты. Себебі, оның қызметіне алғыс айтқандар бар-шылық еді. Әсіресе, менің жаныма жайғасқан қаламгер, ұстаз, қоғам белсендісі Аманжол Жолмағамбетов айрықша ықылас танытты. Мен оған таңдана қаралым. «Аға, айрықша шапалақ соғуымның мәнісі былай. » әлі бергенде, «Жайлы мектептің» салтанатты лентасы қиылып, көпішлік ішке лап кетті. Біз де сол толқынның арасында қойдық. Аманжол ініміңіз әңгімесі аяқталмай қалды.

Жұрт ұйқыда, ол ояу

– Жексенбі, яғни демалыс күні еді, – деді Аманжол інім баяу тіп қатып, – кешкі асты ішіп болып, дастарқан жиналған кезде болатық балам «ішім бүріп барады» деп жерге домалады. Зәре кетті. Жеті балам бар. Үлкені 13 жаста. Бұрын Гүлшат қызымнан айырылып, қапа болғаным. Желел жәрдемді шақырдым. Олар баламды алып кетті. Кезекші дәрігер және басқалары көріп қанатты. Менде шидам таусылды. Қараңғы түп. Жұрт ұйқыға кеткен. Әрі демалыс күні. Ганымал хирург, талайды төнген ажалдан құтқарған Әмірхан Жүсіповке телефон шалдым. Ояу екен. «Осылай да осылай» деп баян еттім.

– Қазір, барамын, аға! – деген жауабын естіп қуанып қалдым.

– Келді. Көрді. Кідіруге болмайды. «Операция столына!» деген пәрмен берілді. Маған «Үйіге қайта беріңіз, пәлендей қауіп жоқ» деді.

Қайдағы кайту! Залды кезіп жүріп алдым. Бір кезде ақшалатғылар да шықты-ау!

– Бір тамыры үзілген екен, тігілді. Енді демалуңдыз болады, – деді Әмірхан күліп.

Мен де күлдім. 3-4 сағаттан кейін Болатбек баламын өзі «папа, жақсымын!» деп хабарласты. Сонда барып «у!» деп дем алдым. Әлгі шапалақтың хикасы осындай еді. Осындай хәлге ұшыраған, жалғыз не бе екен?

– Бір себептермен аудан орталығына барғанымда ол жақ бүйірім түйіліп, ауырып, мазамды алды, – деп жазды «Жаңақұрылыс» ауылының сөз ұстар төрешісі, ардагерлер кеңесінің төрағасы Сердалы Шалбаев. – «Сокырışек» дейін десем, оған бір-неше жыл бұрын ота жасатқаным. Содан хирургия бөлімінің меңгерушісі, тәжірибелі хирург Әмірхан Жүсіпов мені әлденеше тексеруден өткізіп, бүйрегімнің бойында тас бар екенін анықтап, жүргеніміз әлсіздігіне байланысты облыстық ауруханада емделуге кеңес айтып, жолдамасын жазып берді. Мұнда мың жасағыр хирург Еркін Қонысұлы Ысқаков жасаған ота сәтті аяқталды. Қалайша разы болмассың!

Осындай жылы лебізді Әмірхан Жүсіповтің ондаған, тіпті жүздеген пациенттерінен естуге болатын еді. Ол 2004 жылы-ақ «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісіні алып үлгіргенді. Және осы жылы Арал ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан қомақты үлесі үшін «Жылдың үздік дәрігері» де атанған-ды.

Міне, осы және тағы да басқа жинақтаған деректерім сырқат жандардың арқасүйер азаматына айналған. 43 жыл бойы қолынан қандауыры түспеген Әмірхан Ізбайырұлымен сұхбаттасуға, кездесуге шақырғандай болды.

Рига түбіндегі айқаста

– Әмірхан Ізбайырұлы, биыл, яғни осы 2025 жылы жаһандық деп аталатын 1941-1945 жылдар аралығындағы соғыстың аяқталғанына 80 жыл толды. Өзіңіз көпке танымал дәрігер-хирург-сіз, ал әкенің осы соғысқа қатысқан майдандар деседі. Оған дейін қала болған, нендей жұмыс істеген? Сол жайында ақпарат бересіңіз...

– Әкем 1918 жылы теңіз жағалауындағы шағын қыстақта дүниеге келген. Әуелі ауыл молдасынан дәрис алған.

Одан кейін үш жыл сауат ашу курсында оқыған. Жастай жұмысқа араласқан. «Сексеуіл» стансасында теміржолшылық міндет атқарған. 1939 жылдың басында, Герман-Кеңес соғысы басталмастан бұрын-ақ Отан алдындағы әскери борышын өтеуге аттанған. Алғаш рет фин-кеңес текіті-ресіне қатысып, Ленинградты қорғаған жауынгердің бірі.

– Апыр-ай-ө? Ленинградты қорға-ған дейсің бе? Оны «Қысқы соғыс» деп атайды. 1939 жылдың 30 қарашасында басталып, 1940 жылдың 12 наурызында аяқталған. Кісісі өлімі де көп болған. Аман-есен шыққан ба?

– Иә, құдай сақтаған Ленинград маңындағы 376-атқыштар дивизия-сының 1948-полкінде болып, әскери міндетін өтеген. Одан соң сол 1940 жылы Балтық бойы республикаларын Кеңес үкіметіне қосу операциясында көзге түскен.

– Бұдан әрі 1941 жылдың жазында соғыс басталды. Елге қайтқан ба?

– Қайдағы елге қайту? Бас-аяғы сау



адам Ленинградты, Эстония, Литва, Латвияның қалаларын жаудан босату шайқасының да қақ ортасында жүрген. 1945 жылдың бастапқы айларының бірінде Рига түбіндегі соғыста ауыр жаракаттанып, госпитальға түскен. Әкем, жалпы төрт рет жаракат алған. Сол Прибалтика майданында жүргенде «Данк» орденімен марапатталған. Женеі күнін де Ригида қарсы алған. Бұл мәліметтің бәрі Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен келді.

– Ойпыр-ай, не деген жанкештілік. Ленинград қаласы 900 күн-түн жау-дың қоршауында болды. 1944 жыл-дың жазында ғана қоршаудан толық тазартылды. Ал Латвияның астанасы Ригағы 1944 жылдың қазан айында Прибалтика майданының жауынгер-лері азат етті. Тарих осылай дейді. Демек, әкеніз Ізбайыр Шамалұлы Жү-сіпов осы қанды қорықта ауыр жа-раланды. Арал қаласынан әкеніңіздің атына көше берілу рәсімін ерлікке тағзым деуге болады.

– Елге оралып, емделіп, сауыққасын жұмысқа ораласқан болар?

– Иә, Аралдағы обаға қарсы күресу стансасында зейнетке шыққанына еңбек етті. Анамыз Маутай Молымбет-қызы екеуі бала-шағасының қызығына бөленіп, бақуатты өмір кешті.

Гудок

– Қалың оқырман майдангердің ұлы, бүгінгі көпшілікке танымал хи-рургтің, яғни сіздің жастық кезеңі ар-ман-қиындыызды білгісі келеді. Теңіз жағалауында өскендердің алы бол-мауы мүмкін емес деген де тағылым бар ғой!

– Теңіз жағалауында өскенім бар. Осы Арал қаласындағы №15 орта мек-тептің түлегімін. О кезде теңіз суы толық болатын. «Аралбалықтресі», Арал теңіз порты, кеме жөндеу зауыты сияқты өндіріс орындарында еңбек жөрігі қызып жататын. Ертенгілік күртгі жұмысқа шақырған кеме жөндеу зауытының гудогі бізді де ояттып, «Түр, түр, сіздерді ұлы істер күтіп тұр!» дегендей қамшылайтын, құшындыратын. Содан ба, жазушы-ақ болуға талаптандым. Батырлар жырын ынта қоя оқыдым. Сізге ай-тайын, үлшінің сыныпта-ақ роман, по-вест, поэма жазып тастадым.

– Е-е, қойыңызшы, рас сөз бе? – БІп-ырас. Біраз өлеңді қағазға төктім. Сөйтіп «Толқын» газетіндегі Серік ақынға бардым. Оқыды, оқыды да, темекісін бұрқыратып шегіп оты-рып:

– Бауырым, бүі сенің қолың емес, – деп кесіп айтты.

Онысы да дұрыс болды, әйтпесе әлі талай дөптеріп шимайлайтын едім.

– Ал сонда медицинаға қалай келдіңіз?

– Бірде «Сексеуіл» станциясына бара қалдым. Сонда Масаты есімді ет жақынымыз бар-ды. Онының сынып-тағы кезім. Ер жеттім. Әлгі кісінің түсін көріп шошып кеттім. Қиналғаны-ай! Сөйтсем өнеш обырына шалдыққан екен. Сол арада дәрігер болуға шешім қабылдадым. Әкеме айтып едім. Со-ғыста болған, әлденеше рет жаракат алған, ақ халаттылардың жедел жәр-демінен аман қалған кісі ғой. Мені қолдады. Атырауда тұратын зейнеткер қарындасы, дәрігер Күлімханмен ақыл-дасып, ақыл-кеңес алуға мені сонда жіберді. Со жақтан Алматыға кеттім. Өні, менің дәрігерлікті таңдауымның жөні осылай.

Қызықтырып қияза жетелеген...

Ол Алматыдағы мемлекеттік медициналық институттың «Емдеу ісі» факультетіне түсті. Осында үш жүзге тарта замандасымен бірге оқыды. Алдыңғы сапта болды. Әсем Алматыы аралады. Кітапханаларда ұзақ отырды. Спорт кешеніне, театрға, киноға, ок-тын-оқтын ауруханаларға барып, ма-мандығы бойынша практикадан өтті. Ұстаздары кілең докей. Профессорлар

Михаил Иванович Брякин, Ишанбай Қарақұлов, Аркадий Борисович Райз, Бейнеш Оразұлы Қарбосинов, Мұх-тар Әліев, Камал Ормантаев, Ханиса Қанышқызы Сәтпасева, Тұрар Көкеев сынды білтілер еді. Бұлар шәкірт-терін қызықтырып қияға жетелеген ғұламалар болатын. Әйтсе де бірден жетпейсіңіз сияқты. Ол не? Өзі де білмейді. Солайша екі жыл зулап өте шықты. 3-курсқа барды. Әлі солай. Абай дана «Ойысз күнім болмайды» деген ғой. Менің кейіпкерім студент Ізбайырұлы да солай. Сабақтан шы-ғып, жаяулап келе жатты. Алматының көк желеті қысы-жазы көз тарталды да тұрады. Жолдың арғы бетіне өтуі керек. Қызыл свет жаңды. Машиналар тұра-тұра қалды. Желел жәрдем машинасы «Маған жол бер» дегендей белгі берді.

Өте көліктер ол өткесін қозғалды. Осы тұста Әмірхан «Ох-х» деп қалды. Міне, осы-ауы! Кешкі астан кейін «Желел жәрдем» ауруханасына тартты. Ци-булин деген хирург бар екен.

– Қандай шаруамен келдіңіз, моло-дой человек, – деп жалы қарсы алды. Әмірхан болса, медицина институты-ның 3-курсе студенті екенін, болашақ хирург болатынын, тәжірибе жинақ-тау үшін оқудан көз уақытында, түнгі смелде ақысыз жұмыс істегісі келетінін айтты.

– Очень хорошо, хорошо! Еріктілер сияқты ма?

– Иә, солай десе де болады.

– Ене, желел жәрдемге шақыру түс-ті. Машинаға отырып, сырқатты әке-луге көмектесіңіз!

– Менің жапалқысы қызметімн осы-лай басталды, – деді сұхбаттасым студенттік өмірін еске алып, – нау-кастарға күтім жасаймын, операцияға дайындаймын, жуындырып-шайынды-рамын. Білмегенімді Цибулиннен сұ-раймын. Ол мені жасынбайды. Мүжіят түсіндіреді. Алғаш рет «асқазанның тесілуі» деген диагнозды дәл қойып, тіршібелі хирургиядан мақтау сөз есіттім. Бұл мені қанаттандырды жə-не ынталандырды. Көп оқып, көп із-дендім. Қазір де солаймын.

– Алғаш рет жасаған операция есімде ме?

– Өрине, есімде. Бүгінгідей көз алдымда. Аталған ауруханың опе-рация залында бір мезгілде үш опе-рация жасалды. Мен ассистент ретінде көмектесемін. Бірде мынадай оқиға болды. Түнгі сағат үштердің кезінде аппендицитпен келген нау-касқа Адамов деген хирург «Өз бетін-ше операция жасай бер» деп өзі кетіп қалды. Бір уақытта ұстазым, про-фессор Т.Денякиннің кіріп келмесі бар ма? Сөйтсем науқас оның жақыны болып шықты. Содан операция жасап жатқан адамның студент екенін біліп, Адамовқа қатты ұршысты. Ол кеткесін де Адамов маған «Операцияны жал-ғастыра бер» деді. Жалғастырдым. Сырқат ақи-тақи жазылды. Төрт ай жүрдім. Біраз нәрсе үйрендім. Тұла-бойым жеңілдеп, сергіп қалдым.

– Содан бері «студент-хирург» атадым десесіңіз!

– Құрбы-құрдастардың әзілі ғой. Десе де астарында шындық бар-ды.

Интернатурадан өтерде...

– Сіздің Алматы мемлекеттік медициналық институтына 1976 жы-лы түсіп, 1982 жылы «Емдеу ісі» ма-мандығы бойынша үздік дипломмен бітіргеніңізге кезінде біз де қол соқ-қанбыз. Жолдаманы қай жаққа ал-дыңыз?

– Жолдаманы Қызылордаға алдым. Бір топ студент келдік.

Менің жолым болды. Басқа әріп-тестерімің білім ұштастыруы облыс-тық ауруханада өтуі тиіс болса, ме-нің бір жылдық интернатурадан өту мезімім қалалық ауруханаға түсті. Және жалғыз өзім. Мұнда кейін об-лыстың бас хирургі болған М.Кәрі-баевтың медицина ғылымының канди-даты К.Оразбаевтың және травматоло-г Е.Бейсетаевтың, уролог Ш.Әлназаров-тың, Б.Бекішовтің өзіндік мектебінен

өтіп, солар жасаған операцияны өз бе-тімше жүргізе алатын деңгейге көте-рілдім.

– Әмірхан, сіз 1982 жылдың 2 та-мызында Қызылорда қалалық ауруха-насының дәрігер-интерні болып тір-келіп, 1983 жылдың 1 тамызында Арал аудандық ауруханасының дәрігер-хи-рургі болып тағайындалыңыз. Туған жерге жұмысты бастадыңыз. Ойында қалған, әлі есімде жүрген жайлар бар ма?

– Бар әрине. Тіпті барышылық Ва-рикоз дертінде сафенэктомия деген хирургиялық тәсіл бар. Облыста өз бетімше жасап көргенмін. Бірақ мұнда арнайы аспап жоқ. Сонымен гитараның (өзімнің де музыкалық аспаптарға икемім бар ғой) 7 ішегін залалсыздандырып, сол аспапқа ұқсас құралды өзімше құрастырып, опе-рацияны сәтті аяқтадым.

– Тағы бірін айтыңызшы?

– Бұл алғаш рет өт шығару жолына жасалған реконструктивтік операция болатын. Бір науқас асқазанының ойық жарасының тесілуі диагнозымен ау-руханаға жатқызылды. Шұғыл жағ-дай. Деруе операция столына алдық. Ішіні ашып көргенде асқазаны сау. Басқа жағында өзгеріс жоқ. Жараны жаптық. Әрі қарай бақылауда. Ер-теніне науқастың денесі түгел сарға-йып кетті. Ол кезде УЗИ, МРТ, КТ деген жоқ. Клиникалық белгілері мен анализдеріне қарап «Механикалық сарғаю» деп шештім. Облыстың бас хирургі С.Құлсартовпен телефон ар-қылы сөйлестім. Ақыл-кеңес сұра-дым. Мен ниеттенген операция бұ-рын Аралда жасалмаған. Облысқа жолдауға науқас алыс жолды көтере алмайды. Сонымен әріптес аға «Өзіне сенімді болсаң, жасай бер» деп рұқсат етті. Жанымда жас хирург Амантай Нұрпейісов, балалар хирургі Айзада Жұмағалиқызы Хайрова болды. Бәрі-міз бірлесіп, қажетті операцияны ат-қарып шықтық. Өт шығару жолында көлемі 1,5 см-дей болатын тас тұр екен. Сол өттің шығар жолын бөгетті. Сырқат сауықты. Науқас үйіне көңілді қайтты.

– Не деген қуаныш, не деген бақыт сыйдалаңыздар, ә-ә!

– Ауруханада онколог та, бас дә-рігердің емхана және емдеу ісі жөнін-дегі орынбасары, уролог және хирургі болып та қызмет атқарып, 2014 жылдың 15 қазанынан бері осы уақытқа дейін хирургия бөлімінің меңгеруші міндетін атқарыңыз. Өріптес әрі сыйлас дәрі-герлерден кімдерді атар едіңіз?

– Бұл өте дұрыс сұрақ. Асылбек Ізмағамбетов, Досхана Ранов, Махмұд Бекетов, Самат Лиясов, Асылхан Нұр-кожаев, Ғабит Нұрғалиев және Әмилия Кохонова болды. Менен бір жыл бұрын Аралға келген Толыбай Мелетов те білікті хирург екен. Толыбаймен біраз жыл сыйластым. Ал лапароскопиялық гинекологиялық операцияларды На-батхан Ташкановамен бірлесіп жаса-дым. Науқас әйелдерге көп көмегіміз тиді. Бұрын беделсілктен қапа болған-дар бала сүйді.

Санкт-Петербург сапары

– Екі өнертабыс патентінің иегері-сіз. 2001 жылы ине қыстырғыш құралы-на, 2003 жылы урология ғылыми-зерттеу орталығының профессорлары М.Алшынбаев, С.Қосымжановпен бірге аденома орнынан қан тоқтау құрылғысына патент алдыңыз және республикалық «Медицина» журна-лының үш, ал «Вестник хирургия Ка-захстан» журналының төрт номеріне проблемалық мақаланың шығыпты. Сонымен қатар «Арал аудандық ауруханасы жағдайында бауыр жара-қатын хирургиялық емдеу» деген көлемді шығармаңыз Мәскеуден шы-ғатын «Анналы хирургической гепато-логии» журналында жарияланғаны.

– Иә, бұл өзі қызық болды. 2007 жылы Санкт-Петербург қаласында хирургтердің XIV халықаралық кон-гресі өтетін болды. Мен ғаламтор ар-қылы хабарласып, әлгі баяндамалды жолдадым. Қыркүйек айында менің баяндамам ұнап, конгреске шақыру алдым. Денсаулық министрлігі де, облыстық басқарма да мұны білмейді. Конгресс туралы әңгімен аудандағы белгілі кәсіпкерлер Қуанышбай Ерлі-қалыков пен Тоғас Жұманов естіп,

«Үлкен метаполистен жел айдап кел-ген құрметті құп алу керек. Жөнел Санкт-Петербургке, ата-бабаң барған жері, сыбағасын алған жері, жаса баяндаманды, тартып-ба, көрсен әлем жұрты, бостандық алған қазақ елінің ұл-қыздары қандай екенін, қабілетің жетеді, сен де ал үлесіңді» деп екі ағам жігірімді жаппы-жаппы жіберді. Жол шығынын бізден деп, ой-хой, айқайды салсын. «Барсақалем» қо-рығының директоры Зәуреш Әлім-бетова сол қаладағы жұмыстың Димитрий Алексеевич Елессевке қо-нырау шалып, таңғы 6.00-де вокзал-дан күтіп алатынын айтты. Біар ай-қандай болды. Конгрестегі баяндамам мазмұнды шықты. Манғаз ғалым-дардың өзін таңғалдырдым. Атақты профессорлар Ю.Патукто, В.Виниев-ский және А.Журавлев сынды бауыр хирургиясының нағыз майталмандары он баға берді. Сөйтіп, Қазақстанның да, алыстағы Аралдың да мәртебесі биіктеді.

Қос аққудай келеді қатар жүзің...

Жүсіповтер тату-тәтті, шыақты отбасы. Балалар ер жетті. Немере жү-гіріп жүр. Әмірханның жұбайы Зам-зугұл Әбдірашқызы да медицина қыз-меткері. Ультраздыбыстық аппаратпен тілдескен Аралдағы алғашқы ханым. Бірінші дәрежелі УЗИ дәрігері. Ден-саулық сақтау ісінің үздігі.

Біреулер күндердің бір күнінде керек. Ал біреулер күнде керек. Бұл ерлі-зайыптылар халыққа күнбе-күн керектің нағыз өзі.

Ұзағынан болар...

Шәкірат ДӨРМАҒАМБЕТҮ.ПЫ, тұл ардагері

Атал қаласы



Фото: Аманжол Жолмағамбетов

Әлі есімде. Бұл бұдан біраз жыл бұрын болған оқиға еді. Ол кезде Дәумен қажы қатарымызда жүрген. Қазір көзі тірі болса тоқсанға толар еді. Бүгін өткен күнді еске алып, әңгіме қозғауды парыз тұттым.

Танертен жұмысқа келгенмін. Сәлден соң орта бойлы, омырауы орден-медальға толы бір аға келді. Алыстан келгені байқалып тұр. Сәлемдесіп, таныса бастадық. Қою қара ша-шының бір сипап алды да әңгімесін бастады. Қолындағы қара папкасын ашты да, әңгімені өрбітті. Сырбаз аға әңгімешіл кісі екен. Ұйып тыңдап отырғаным біраз уақыт өткенін білмей қалдым.

– Қалқам, – деді ол салмақты үмен. – Мен Жаңақорғанның құрметті азаматымын. Қазір зейнеткермін. Көп жыл ауданда мұғалім, партиялық жұмыста болдым. Кейін аудандық кәсіподақ, қазақ тілі қоғамын басқардым. Ке-зінде кәсіподақ жұмысын жүргізудегі тәжіри-бемен республика көлемінде мадақталып, рес-публикалық кеңес «Волга» автокөлігін сыйға тартқаны бар. Ал «Қазақ тілі» қоғамын басқа-ғанда тілдің мәртебесін биіктетуге тер төктім, «Мирас» атты газет шығарып, облыс көлемінде тараттым.

Ардәгер біраз әңгіменің басын шалды білем, сол-пал тынығайын деді де көкірегін кернеген әңгімесін қайта жалғалды.

– Аға, әңгіменіз шұрайлы екен, айта түсіңіз. Бөрін жазып отырыман деп көтермелеп қойдым.

– Газетке жазасың ба?

– Сәті түссе, өзніз туралы жазуды ойға алып отырым.

– Рахмет, қалқам. «Сыр бойы» – менің жан серігім. Отыз жыл бойы жазылып келемін. Біздің Жаңақорғаннан шыққан азамат Базарбай Сарбасов сонау 1946 жылдан 1949 жылға дейін редактор болған. Ол туралы кезінде сүйікті басылмаға жазғаным бар.

– Ә, солай ма, аға?!

– Бұл ағаңның журналистік кәсіпке бейімі бар. Енді сол жағына ойсайсың.

– Ата-баба арауағын дәріптеп, оны қадірлеуге арнайы үндеу тартқаным бар. Бұл туралы 1995 жылы «Молда шәмішлер» атты шежіре кітап шығардым. Бұдан 500 жыл бұрын ғұмыр кешкен Мәуләна Шәмидин бабамыздың Са-марқандағы жерлеген қабірін таптым. Ұзақ ізденістің нәтижесінде Алматыдағы Ұлттық кітапханадағы сирек қолжазбалар қорынан Шәмші Бүзрік хикметтерін тауып, 1997 жылы «Хикметтер» жинағын шығардым. Низан ақын-ның «Шыршық әуендері» атты өлеңдерін кө-шіріп алып, бастапан шығардым.

Өміріме ризамын. Қажылық парызымды орындап, Мекке сапарынан жуырда оралдым. Өз қаржыма «Өзгентем» мешіт салдым. – Ой, аға көп тер төгіп, еңбектенгеніңізге сүйсініп отырым.

– Бір үлкен жұмыс атқарғаным қалып бара-ды екен, содан әңгіме қозғасам уақытыңды ал-маймын ба, Қайреке?

– Жоқ, аға, айтыңыз. Әңгіменіз енді қызып келе жатыр.

– Олай болса тыңда.

Сонау 1930-1931 жылдары көп ағайын ашырылысқа ұшырап, жан сауғалап, өзбек, тажик жеріне көшіп кетті. 1954 жылы осылар-ды іздестріп, әй жүріп 250-дей отбасын елге көшіріп әкелдім. Оларды «Түгіскен» масси-виндегі кеңшарларға қоныстандырдым. Қазір олар үрім-бұтағымен еңбек етіп, туған жерді түлетуде.

– Мұнының ерлік екен, аға!

– Көшіріп әкелу оңайға соқпады, қиын-

ДӘРІГЕР-ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

Адам денсаулығы үшін араша түсетін дәрігер мамандығы қашанда қасиетті. Өткен сенбіде Сыр медицинасының ардагері, аяулы ұстаз Раиса Көзденованың 80 жас мерейтойына арналған салтанатты шара өтті.

«Сапалы медициналық көмек – медициналық білім берудегі оқыту тәсілдерін жаңғырту мен кәсіби құзыреттілікті дамыту нәтижесі» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында бірнеше шара ұйымдастырылды. Оған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов, медицина саласының ардагері Тұрғанбай Маханов және өзге де сала ардагерлері, медицина қызметкерлері қатысты.

Алдымен қонақтар Қызылорда медициналық жоғары колледжінде дәрігер-ұстаз, қоғам қайраткері Раиса Көзденова атындағы оқу кабинетінің ашылу рәсіміне куә болды. Одан соң «Достық үйінде» мерейтой иесіне арналған салтанатты шара жалғасын тапты. Шара еңбек ардагері, білікті дәрігердің өмір, еңбек жолына арналған бейнебаянды тамашалаумен басталды.

Раиса Әбдешқызы – бала дәрігері, саналы ғұмырын аймақтың денсаулық саласын дамытуға, маман даярлауға арнаған ақ халатты абзал жан, ардақты ұстаз.

Ол Алматы мемлекеттік медицина институтын бітіргеннен кейін, еңбек жолын



Шиелі аудандық ауруханасында аймақтық педиатр болып бастаған. Одан кейінгі жылдары Шиелі ауданында балалар бөлімінің меңгерушісі, аудандық педиатр, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары деңгейіне дейін көтерілген.

Еңбек еткен жылдарында Сырдыра аудандық ауруханасының бас дәрігері, Шиелі поселкелік советінің халық депутаты, облыстық совет депутаты болып сайланып,

«Еңбек Қызыл ту», «Құрмет» ордендері мен көптеген медальдің иегері атанды. Одан бөлек, зейнет жасқа дейінгі 15 жылдан астам уақыт Қызылорда медицина колледжінің директоры қызметін атқарып, осы аралықта іргелі оқу орнынан сан мыңдаған шәкіртті түлетіп ұшырды. Бүгінде шәкірттері республиканың түкпір-түкпірінде халықтың денсаулығын жақсарту жолында еңбек етуде.

2013 жылдан бері облыстық медицина саласы ардагерлері кеңесінің төрайымы болып, саланың дамуына үлес қосып келеді.

Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет сөз сөйлеп, мерейтой иесін облыс әкімі атынан құттықтап, жылы лебізін білдірді, шапан жауып, құрмет көрсетті. Сонымен қатар салтанат сахнасында белгілі дәрігер, ұлағатты ұстазды әріптестері құттықтады. Атап айтқанда, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов құттықтау сөз сөйлеп, шапан жауып, гүл шоғын ұсынып, ұстазына құрмет көрсетті. Сала ардагері Тұрғанбай Маханов, білім саласының және кәсіптік білім беру ұйымдары директорлар кеңесінің төрағасы Болатбек Ахметов Раиса Әбдешқызының медицина және білім саласындағы өлшеусіз еңбегін, қайраткерлігін, біліктілігін, білімділігін, парасаттылығын айтып, ақжарма тілектерін жеткізді. Сондай-ақ Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының басқарма төрағасы Абай Құсайыновтың құттықтауы оқылды.

Салтанатты шара одан әрі концерттік бағдарламаға ұласты.

Түстен кейін Қызылорда медициналық жоғары колледжінде конференция жалғасын тапты.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// ДЕНСАУЛЫҚ



ҚАЗАЛЫДА ЖОҒАРЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ОТА ЖАСАЛДЫ

Қазалы көпбейінді орталық ауруханасында жүрек ырғағының бұзылыстары бойынша алғаш рет аритмологиялық жоғары мамандандырылған оталар жасалып, оқу-шеберлік тәжірибе жүргізілді. Мұндай жоғары мамандандырылған ота республика көлемінде аудандар арасында алғаш рет Қазалыда жасалып отыр.

Отаға Алматы қаласы №7 қалалық клиникалық ауруханасының интервенционды аритмолог дәрігері, MD, PhD дәрігер Қанат Ерғешов және облыстық медицина орталығының облыс бойынша штаттан тыс аритмолог дәрігері Нұрболат Лепесов арнайы шақырылды. Күрделі отаға аудандық көпбейінді орталық ауруханасының рентген-эндоваскулярлық хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Кенесары Баспаев пен рентген-эндоваскулярлық хирургия бөлімшесінің интервенциялық аритмолог дәрігері Рахымжан Темірбай қатысты.

Аталған ота түрлері – заманауи медицинаның жоғары технологияларын талап ететін күрделі бағыттардың бірі. Бұл шара аудандағы медицина саласының дамып келе жатқанын, сондай-ақ еліміздегі білікті мамандардың тәжірибе алмасу арқылы кәсіби деңгейін арттырып жатқанын көрсетеді.

«СБ» ақпарат

«АБАЙ» ОПЕРАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕРАСЫ

Көше «Өнер орталығында» ұлы ойшыл, ақын, философ Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Абай» операсының премьерасы өтті. Премьераны облыс әкімінің бірінші орынбасары Д. Жаналинов, облыс әкімінің орынбасары М. Шермағанбет, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, қала тұрғындары тамашалады.

«Абай» трагедиясы – еліміздің мәдени өмірін дүр сілкіндірген қайталанбас кесек туынды. XX ғасырдың 30-40 жылдары қолға алынып, М.Әуезов шығармашылығының маңызды бағыты болған Абайдай ғұламаның тақырыбы, қайталанбас келбеті сахнада сомдалған бейнесі арқылы да халқының жүрегінен орын алды. Мұхтар Әуезовтің либреттосына жазылған Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің айтулы операсы тек жақсы мен жаманның айқасын бейнелеген қойылым ғана емес, қазақ халқының жан дүниесінің алуандығы мен тереңдігін көрсететін айна, көшпелі өмірдің бірегей салты мен философиясын наш ететін тағылымды туынды.

Кейіпкердің ой тереңдігін, сөзінің өткірлігін, тіл шеберлігін, азамат ретіндегі беделін филармония артистері негізгі қалпын сақтап, асқан шеберлікпен көрермен қауымға жеткізді.

Ерекше классика кешін халықаралық және республикалық кон-



курстардың лауреаты Рустам Рысмағамбетовтің дирижерлік етуімен облыстық симфония оркестрі сүйемеледі. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Әмзе. Тұтас сахналанған операға аралас хор ұжымы (көркемдік жетекшісі – А.Қуаныш), «Томирис» би ансамблі (көркемдік жетекшісі – халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты М.Тойбазарова), «Аi-Алғұ» заманауи би ансамблі (көркемдік жетекшісі – халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты З.Ыстықбаева), «Әлемі» балалар музыкалық театр-студиясы, (көркемдік жетекшісі – Қ.Боранбаев)

«СБ» ақпарат

КИНОТЕАТРЛАР ҚАЛАЙ САЛЫНДЫ?

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1959 жылғы 3 ақпандағы №85 қаулысына сәйкес «КСРО мемлекеттік банкінің несиелері есебінен кинотеатрлар салу және республикада тұрақты кинотеатрлар салуды жеделдету шаралары туралы» және облыстық еңбекші депутаттар кеңесінің атқару комитетінің шешімі шықты. Қызылорда қаласында 200 мың рубль сметалық құныммен 500 орындық кең экранды кинотеатр құрылысы басталған. Құрылыстық-монтаждау жұмысын облыстық құрылыс басқармасына қарасты №3 «Қызылорда-Строй» тресі қолға алған. «Қызылорда-Строй» тресінен 1960 жылдың 6 сәуірінде барлық құрылысына байланысты бас келісімшартқа қол қойылып, театр құрылысын 1960 жылдың мамыр айынан бастаған. 1961 жылғы қантардағы есеп бойынша монтаждау-құрылыс жұмысына 13,9 мың рубль ғана жұмсалған.

Қызылорда қаласында 1961 жылғы фильм базасы құрылысына 110 мың рубль бөлінген. Кинофильм кенеселері 161 кинокондырғымен жабдықталған. Оның ішінде: мемлекеттік органдарға 84, кәсіподақтарға 33, ведомстволық ұйымдарда 44 қондырғы үздіксіз жұмыс жасаған.

Архив қорындағы 1961 жылдың 1 сәуіріндегі анықтамала жалға беру бойынша 1158 көркем кинофильм көшірмесі сақталған, оның 305-і – қазақ тіліндегі фильмдер, 694-і – ғылыми-танымдық, 558-і – хроникалық-документальді фильмдер.

«Халықты кино қызметімен қамтамасыз етудің кемшіліктері жайлы» 1960 жылдың 15 тамыздағы Қызылорда облыстық партия комитетінің қаулысына сәйкес облыстық мәдениет басқармасының «Кино жалға беру және кинофикация» бөлімінің басшылығы кинотеатр саласына қатысты біршама жұмыстар атқарған.

Қызылорда қаласында мемлекеттік банктің қаражатымен 400 орындық жазғы кино алаңы салынған, Жаңақорған ауданы орталығында 260 орындық кинотеатр, Арал ауданы орталығында аудандық мәдениет бөлімінің жұмысшыларының күшімен 100 орындық клуб салынған. 1960 жылдың өзінде облыс бойынша 8 стационарлы кинокондырғы ашылған. Сол облыс клубтары мен кинотеатрларында 10162 толық метражды, 424 ғылыми-танымдық, хроникалық-документальді кинофильм көрсетілген. Көпшілік қауымға қазақ тіліне ау-

дарылан фильмдерді көптеп тарату мәселесі қолға алынғаны туралы, мерекелік тақырыптық күндерге қатысты кинофестивальдер өткізілгені жайлы анықтамалар архив қорында сақталуда.

Кино саласына елеулі еңбек етіп, үлес қосқан киномеханик қызметкерлер батырына Х.Д.Қапопұло, Шиелі аудандық мәдениет бөлімінің киномеханигі А.П.Соловьев, Мәлібековтерді жатқызға болады.

Архив деректеріне қарағанда, 1962 жылдың 27-28 қарашасында облыстық партия комитетінің және облыстық атқару комитетінің басшылығы автоклуб, қызыл үй, жылжымалы кинокондырғылары жұмысшыларымен семинар-кеңес өткізген. Онда облыстық мәдениет басқармасы басшысы Ж.Байхожаев баяндама жасап, кинотеатрлар жұмысына тоқталған.

Бүгінде қызметі тоқтаған кинотеатр жұмысы жайлы деректер көрермен көкейіне ой салары анық.

Дана ҚАЛТАЕВА,
облыстық мемлекеттік архиві
қоғамдық-саяси тарихы архиві
филиалының бөлім
басшысы



АҚШ босқындарға тыйым салмақ

АҚШ Президенті Дональд Трамп «Үшінші әлем» елдерінен келетін босқындардың АҚШ аумағына кіруіне біржола тыйым салмақ. Миллиондаған азаматты заңды мәртебесінен айырып, депортациялауды талап етіп отыр. Ал Ауғанстан азаматтары тіпті «қара тізімге» енді десе болады.

Трамп әкімшілігі босқын мәртебесін алуға ұмтылған ауғанстандықтардың өтінімдерін қарауды тоқтатты. Ақ үй басшысының қатқыл мәлімдемесіне таяуда АҚШ-та болған қылмыс себеп. 29 жастағы жігіт тапа-тал түсте Ұлттық ұланның екі сарбазына оқ атқан. Оның біреуі көз жұмды. Екіншісі ауыр халде. Оқыс оқиға басқа емес, ел астанасы Вашингтонның қақ ортасында, Ақ үйге жақын маңда болған. Күдікті – Ауғанстан азаматы.

Қазіргі кезде 265 мың ауғанстандық АҚШ-қа көшу үшін құжаттарын тапсырған. Олардың 180 мыңы арнайы иммиграциялық визаға кезекте тұр. Басым бөлігі эзірге Пәкістан, Қатар, Солтүстік Македонияны паналап жүр. Трамп әкімшілігі сондай-ақ АҚШ-қа қоныс аударған 19 елдің азаматтарына берілген грин-карталарды қайта қарайтынын мәлімдеді. Тізімде Азия, Африка, Латын Америкасының бірқатар мемлекеті бар.

«Бұл – тек бастамасы» дейді

Жасанды интеллект АҚШ-тағы барлық қызметкерлердің шамамен 12 пайызын алмастыра алады.

Бұл туралы Массачусетс технологиялық институтының зерттеушілері мәлім етті. Олардың айтуынша, жасанды зерденің арқасында бір триллион доллар қаражат үнемдеуге болады.

Биыл АҚШ-та IT саласының 100 мыңнан астам қызметкері қысқарған. «Бұл тек бастамасы ғана» дейді ғалымдар. Қысқарту қаупі жоғары мамандықтар тізіміне HR, логистика, қаржы саласы мен кеңсе қызметтері енгізілген. Зерттеушілер 150 миллион қызметкердің деректерін сарпайлай келе жасанды интеллект оларды толық алмастыра алады деп отыр.

Картоп фестивалі

Тәжікстан астанасында картоп пен одан жасалған тағамдардың дәстүрлі фестивалі өтті. Сөрелерде түрлі-түсті және көлемдегі картоптар бар.

Пирамидалар, кілем панельдері, жануар мүсіндері және картоптан жасалған мүсіншелер қойылған. Көкөністі осы жерден екі есе арзан бағаға сатып алуға болады.

Елдің түкпір-түкпірінен келген фермерлер Душанбеге картоптың ең жақсы сорттарын әкелген. 400 тонна өнім сатылымға қойылды. Фестиваль қонақтары тек сатып алып қана қоймай, сонымен қатар қуырылған, қайнатылған, езіліп пісірілген картоптың, салаттардың, самбуса және тіпті картоп кебабтарының дәмін тата алады.

Бұл мереке ел президентінің бастамасымен пайда болған. Себебі бұл өнім Тәжікстанда өте танымал. Тәжікстанда картопты ет пен нан сияқты жақсы көреді. Елде жыл сайын 1 миллион тоннаға дейін картоп өсіріледі.

Итбалықты қорғау орталығы ашылды

Иранның Гилян провинциясындағы Божак ұлттық саябағында Каспий итбалықтарын сақтауға, емдеуге және зерттеуге арналған алғашқы мамандандырылған орталық ашылды.

Дереккөздің хабарлауынша, Каспий итбалығы Халықаралық табиғатты қорғау одағының жойылып кету қаупі төнген түрлердің Қызыл тізіміне енгізілген. Ол – осы тізімдегі жалғыз теңіз сүтқоректісі, саны соңғы онжылдықта шамамен бір миллионнан 70 мыңға дейін азайды.

Мекеме итбалықтардың қырылу себептерін зерттеуге көмектесетін жетекші ветеринарлық-зерттеу кешеніне айналуы мүмкін. Білік баықшыларды жарақат алған жануарларды тапқан кезде қалай әрекет ету және оларды тез арада орталыққа қайта жеткізу керектігін үйретуді жоспарлап отыр. Олар итбалықтарды бақылау үшін ұшқышсыз ұшқыштарды да қолданатын болады. Бұл шаралар сүтқоректілердің қырылуын азайтады.

Ақпарат көздерінен

Хабарландыру

«Ас-Мейр» ЖШС Сырдыра ауданы, Нағи Илиясов ауылында орналасқан Қанлыкөл көлінде қыркүйек айында шабақ құтқару жұмыстары жүргізілгенін хабарлайды.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 21998

Тапсырыс №2047

Кезекші редактор Айнұр БАТТАЛОВА